

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СЕКТОРЫНДА МҰНАЙ МЕН ГАЗ
БЕРУ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНСОРЦИУМ
БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРАСЫНАН ЖҮК ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
28 сәуір 1994 ж. N 441. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.17. N 1212
қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Каспий теңізінің Қазақстандық секторының мұнай мен газ беру әлеуетін бағалау жөнінде Халықаралық консорциум құру туралы" 1993 жылғы 3 желтоқсандағы N 1215 қаулысын орындау үшін және Халықаралық консорциум туралы Келісім бағдарламасын шетел капиталы мен тиімділігі жоғары шетел техникасын, технологиясын тарта отырып жүзеге асыруды одан әрі жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халықаралық консорциумның шетелдік қатысушыларына, Келісім бағдарламасын орындаумен шұғылданып жатқан олардың шетелдік мердігерлеріне Консорциум жұмысы кезеңінде, оның ішінде Келісім бағдарламасын орындау кезінде пайдалануға арналған шығындалатын мүлікті, сондай-ақ жеке басы үшін пайдаланатын заттарды кеден бажы, салықтар мен алымдар төлемінсіз Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Заңдарына сәйкес алып келуге және кері алып кетуге рұқсат етілсін.

Халықаралық консорциум қатысушылары Келісім бағдарламасын орындау жөніндегі операцияларда қолданылған жарамды және істен шыққан мүліктерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің рұқсатымен кеден бажы, басқа да салықтар мен алымдар төлемінсіз Қазақстан Республикасына өтемсіз бере алады немесе сынық ретінде қалдыра алады. Сондай-ақ Халықаралық консорциум қатысушылары бағдарламаны орындау үшін пайдаланылған мүліктерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен тиісті рұқсат алған және сатып алушы белгіленген тәртіпке сай кеден бажын, басқадай салықтар мен алымдарды төлеген жағдайда Қазақстан Республикасында сата алады.

2. "Қазақстанкаспийшельф" Мемлекеттік компаниясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Халықаралық консорциумның шетелдік қатысушылары мен олардың Каспий теңізінің Қазақстандық секторындағы шельфтік кен орындарын зерделеу мен игеруге қатысты барлық бағдарламаны

орындаумен шұғылданып жатқан шетелдік мердігерлері және осы қаулының 1-тармағында көрсетілген әкелінетін және әкетілетін мүліктердің тізбесі мен саны жөнінде барлық қажетті мәліметтерді уақтылы беретін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК